

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

««Мақтаарал ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалыуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2023 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: ( \_\_\_\_ парақ)

## I. Кіріспе

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Мақтаарал ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалыуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігіне және даму жоспарының іске асырылуына аудит жүргізу

### 1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

P/c	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Орналасқан жері
1	"Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
2	"Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
3	Мақтаарал ауданының "А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, А.Қалыбеков ауылдық округі
4	Мақтаарал ауданының "Мырзакент кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
5	Мақтаарал ауданының "Мақтарал ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі
6	Мақтаарал ауданының "Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Еңбекші ауылдық округі
7	Мақтаарал ауданының "Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі
8	Мақтаарал ауданының "Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жаңажол ауылдық округі әкімі
9	Мақтаарал ауданының "Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жамбыл ауылдық округі
10	Мақтаарал ауданының "Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Бірлік ауылдық округі
11	Мақтаарал ауданының "Атакент кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті
12	Мақтаарал ауданының "Достық ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі
13	Мақтаарал ауданының "Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Иіржар ауылдық округі
14	"Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
15	"Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Мейірім-Шапағат" күндіз болу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
16	"Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Замандастар және Тен Қоғам" әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
17	"Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
18	<i>Оның ішінде үстеме тексеру объектісі: Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық</i>	

	<i>қазыналық кәсіпорны</i>	
19	Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
20	Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
21	Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал" футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
22	"Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
23	"Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
24	"Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
25	"Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
26	"Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6
27	"Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жеңіс көшесі №10
28	"Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жастар көшесі №6

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.06.2021 – 31.06.2023 жылдар аралығы.**

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, Мақтаарал ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалыуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 02.08.2023 – 29.09.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 28 аудит объектісі (22 мемлекеттік мекеме, 5 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны) қамтылды, оның ішінде 1 үстеме тексеру.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, 112 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 122 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 124 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты», 455 «Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 465 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 457 «Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту»,

«Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі», «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту», 463 «Жергілікті деңгейде жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 467 «Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 468 «Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 472 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі», 458 «Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 451 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 456 «Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 459 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 454 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламалары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігіне және даму жоспарының іске асырылуы.

Мақтаарал аумағындағы кенттер-2, ауылдық округтер-9, ауылдық әкімшіліктер мен кенттердің елді-мекендер саны-69. Жалпы жер көлемі-80764 га, халық саны 133738 адам, оның ішінде еркектер 67096 адам, немесе 50,1%, әйелдер 66828 адам, немесе 49,9%, отбасы саны 23 885.

Халықтың ұлт бойынша саны қазақтар 101783 адам, немесе 76%, орыстар 3214 адам, немесе 2,4%, өзбектер 10446 адам, немесе 7,8%, тәжіктер 13928 адам, немесе 10,4%, басқа да ұлттар 4553 адам, немесе 3,4% құрайды.

Білім саласы бойынша мектептер-56, мемлекеттік бала бакшалар-13, жеке меншік бала-бакшалар-96, балалардың жазғы демалыс орны-2, кәсіптік колледж-1.

Спорт саласы бойынша спорт мектебі-2, стадиондар-2, атқыштар тирі-12, спорт алаңдары-208, спорт залдары-50.

Мәдениет саласы бойынша мәдениет үйі-8, ауылдағы клубтар-2, мұражай-1, кітапхана-17.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 2-аурухана, 2-емхана, 7-бөлімшелік ауруханалар, 7-дәрігерлік емхана, 29-ФАП, 24-дәріханалар.

Әлеуметтік сала бойынша атаулы әлеуметтік көмек алуға 4681 отбасы саны тіркелген, адам саны 23405. Қазіргі таңға жұмыссыздық деңгейі 5,1 құрайды.

Байланыс саласы бойынша пошта торабы-1, бөлімшелері- 21, телекоммуникация торабы-1, АТС-21, телефон нүктелері- 4089, телестанциялар-5.

Өнеркәсіп кәсіпорындар -16 бірлік, оның ішінде ірі және орта кәсіпорындар-5, шағын кәсіпорындар-10, қосалқы кәсіпорындар-1.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері саны 10413 бірлік, оның ішінде заңды тұлғалар 532, жеке тұлғалар 1810, шаруа қожалықтары 8071.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы құрылымдар саны - 8128, оның ішінде шаруа қожалықтары- 8071, өндірістік кооперативтер-43, жауапкершілігі шектеулі серіктестер-14.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығына пайдаланатын жер 60926,7 га, оның ішінде нақтыланған егістік жер көлемі 60926,7 га, суармалы жерлер 60926,7 га, жайылымдық жерлер 1400 га, бау 130,72 га.

Мал басы саны бойынша мүйізді ірі қара 54,5, қой 82,8, ешкі 2,2, жылқы 8,6, түйе 0,6, құс 75,2.

Түркістан облыстық мәслихатының 10.12.2021 жылғы №13/123-VIII шешімімен «Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» бекітілген.

Мақтаарал ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2022 жылы іске асыруға көзделген 63 нысаналы индикатор қарастырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 60 (95,2%) нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілген. 2022 жылдың қорытындысымен 3 нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген.

#### Орындалмаған нысаналы индикаторлар:

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 22 487,4 млн.теңгені құрап, *НКИ – 104,6% құрады*. 2022 жылға жоспар 32 100,0 млн теңге

Тұрғын үйді іске қосу көлемі 23 622 шаршы метрді құрап, *НКИ – 42,9% құрады*. 2022 жылға жоспар 88 600 шаршы метр.

Себебі: Бұл көрсеткіш 2022 жылы Өзбекстанның «Сардоба» су қоймасының бұзылып, Мақтаарал ауданында төтенше жағдай орын алып, 1000 ға жуық үй құрылысы жүргізіліп 105 000 шаршы метр орындалған.

Жалпы 2020 жылғы жоспар 21 000 шаршы метр болса, орындалғаны 105 000 ға немесе жоспардан 84 000 шаршы метрге артық орындалған.

2021 жылы жоспар 85 900 шаршы метр болса, 2022 жылға 88 600 шаршы метр болып бекітіліп отыр.

2021 жылғы жоспар 85 900 шаршы метр болса, орындалғаны 64 765 шаршы метр немесе жоспардан 21 135 шаршы метрге кем орындалған.

2022 жылы мемлекеттік бюджет есебінен құрылыс жұмыстары жүргізілмеуіне және жобалық сметалық құжаттамалары дайын 4 қабатты тұрғын үй салуға қаржы қаралмауына байланысты орындалмаған.

#### Өнеркәсіп

2022 жылдың 12 айының қорытындысымен өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі (НКИ) – 81,1 %-ға, өнім көлемін – 16 025,9 млн.теңгеге орындалған.

*Себебі: мақта талшықтарын өңдеу өндірісінің кемуінен.*

Мақтаарал ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2023 жылы іске асыруға көзделген 15 нысаналы 11 (73,3%) нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілген. 2023 жылдың қорытындысымен нысаналы индикаторға қол жеткізу жоспарлануда.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша**

Жалпы аудитпен 14 109 078,2 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 258 336,2 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 9 346 652,0 мың теңге, 2023 жылдың 01.06.-30.06.2023жыл кезеңі бойынша 4 504 090,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудит барысында қамтылған 28 аудит объектілерінің ішінде 13 аудит объектісінде – **474 992,7 мың теңгені** құрайтын қаржылық, тиімсіз жоспарлау, тиімсіз пайдалану бойынша бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **467 595,4 мың теңгеге** (қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі 436 787,4 мың теңге, өтелуге жататын қаржы көлемі 30 808,0 мың теңге) 13 аудит объектісінде;

- тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 7 091,0 мың теңге 1 аудит объектімінде;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 306,3 мың теңгеге 1 аудит объектісінде орын алған.

Жалпы барлығы **467 330,9 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, -аудиторлық іс-шара барысында 438 908,1 мың теңге, оның ішінде: (оның ішінде 436 787,4 мың теңге қалпына келтірілген болса, 2 120,7 мың теңгесі өтелді).

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 28 422,8 мың теңге өтелді.

Сонымен бірге, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен байланысты заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары жалпы 90 бірлікті құрап 24 аудит объектілерінде, 14 жүйелік кемшілік 1 аудит объектісінде орын алған.

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**1. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 8 мекемеде 30 808,0 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

- Мемлекеттік аудит барысында 5 мекемеде 2 637,4 мың теңге көлемінде іс-сапар шығыны артық аударылғаны анықталды.

1. Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 11,0 мың теңге;

2. Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ойынша 17,1 мың теңге;

3. «Мақтаарал ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 607,9 мың теңге;

4. «Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 809,1 мың теңге;

5. «Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 192,3 мың теңге;

*Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1-ші, 2-ші тармақшаларының және 6 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ереженің 1,2 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

**-Мемлекеттік аудит барысында 6 мекемеде 28 170,6 мың теңге айлық жалақы мен аударымдары негізсіз жаратылған:** оның ішінде жалақылары ауылдық жердегі жұмысы үшін 25%-ға артқызып артық төленген, айлық жалақысынан артық қаражатты, өз шотына аудару арқылы негізсіз иемденген, оның міндетті зейнетақы шотына, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қорына жарналар мен аударымдар және әлеуметтік төлемге артық қаражаттар аударылған.

1. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 2 120,7 мың;

2. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі бойынша 934,7 мың теңге;

3. «Мақтаарал ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 7 283,6 мың теңге;

4. «Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 10 241,8 мың теңге;

5. «Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 7 424,1 мың теңге;

6. «Мақтаарал ауданы Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 165,7 мың теңге;

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 107 және 103 бабы 1-тармағының және 1-1 тармағының талабы сақталмаған.*

*Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысымен бекітілген 18-қосымшасының талаптары сақталмаған.*

**II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 6 мекемеде жалпы 436 787,4 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**



1. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 801,6 мың теңге;

2. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесінде 372 942,4 мың теңге;

3. Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 54 009,3 мың теңге;

4. Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 888,9 мың теңге;

5. Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 679,0 мың теңге;

6. Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 466,2 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған.

*Бұл ретте, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 115 бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4,15,33,243,244,245,247272 тармақтарының талаптары сақталмағаны, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 16,17 тармағының және ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 3, 27 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

**III. Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 7091,0 мың теңге құрайды.**

1. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 7 091,0 мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабы 8), 9) тармақшаларының талаптары сақталмаған.*

**IV. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 306,3 мың теңгені құраған.**

1. Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 306,3 мың теңге;

*Бұл ретте Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының талаптары сақталмаған*

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 24 объектіде жалпы 90 бірлік бұзушылық фактілері орын алған. Атап айтқанда:**

**1. Бюджет заңнамасын бұзушылықтар бойынша 11 мекемеде 28 бірлік анықталған:**

1.«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

2. «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

3. «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

4. Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

5. «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

6. «Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

7. Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;

8. Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

9. Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

10. Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

11. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік.

**2. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманы бұзушылықтар бойынша 13 мекемеде 27 бірлік анықталған:**

1. «Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

2. «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

3. Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мейірім-Шапағат» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

4. «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Замандастар және Тен Qogam» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

5. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

6. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

7. Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

8. Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

9. «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

10. «Мақтаарал ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

11. «Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

12. «Мақтаарал ауданы Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

13. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік.

**3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар бойынша 1 мекемеде 1 бірлік анықталған:**

1. «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік.

**4. Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар бойынша 21 мекемеде 34 бірлік анықталған:**

1. «Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

2.«Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

3. Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

4. Мақтаарал ауданының «Мақтарал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мекемесінде 2 бірлік;

5. «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

6. «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мейірім-Шапағат» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

7. «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Замандастар және Тен Qogam» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

8. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

9. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

10. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 3 бірлік;

11. Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

12. Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

13. Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

14. Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

15. «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

16. «Мақтаарал ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

17. «Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

18. Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

19. Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

20. «Мақтаарал ауданы Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

21. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік.

**Жүйелік кемшілік тәртібінің бұзылуы бойынша 1 объектіде жалпы 14 бірлік фактілері орын алған. Атап айтқанда:**

1. "Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 14 бірлік.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

Түркістан облыстық мәслихатының 10.12.2021 жылғы №13/123-VIII шешімімен «Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» бекітілген.

Мақтаарал ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2022 жылы іске асыруға көзделген 63 нысаналы индикатор қарастырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 60 (95,2%) нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілген. 2022 жылдың қорытындысымен 3 нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген.

Орындалмаған нысаналы индикаторлар:

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 22 487,4 млн.теңгені құрап, *НКИ – 104,6% құрады.* 2022 жылға жоспар 32 100,0 млн теңге

Тұрғын үйді іске қосу көлемі 23 622 шаршы метрді құрап, *НКИ – 42,9% құрады*. 2022 жылға жоспар 88 600 шаршы метр.

Себебі: Бұл көрсеткіш 2022 жылы Өзбекстанның «Сардоба» су қоймасының бұзылып, Мақтаарал ауданында төтенше жағдай орын алып, 1000 ға жуық үй құрылысы жүргізіліп 105 000 шаршы метр орындалған.

Жалпы 2020 жылғы жоспар 21 000 шаршы метр болса, орындалғаны 105 000 ға немесе жоспардан 84 000 шаршы метрге артық орындалған.

2021 жылы жоспар 85 900 шаршы метр болса, 2022 жылға 88 600 шаршы метр болып бекітіліп отыр.

2021 жылғы жоспар 85 900 шаршы метр болса, орындалғаны 64 765 шаршы метр немесе жоспардан 21 135 шаршы метрге кем орындалған.

2022 жылы мемлекеттік бюджет есебінен құрылыс жұмыстары жүргізілмеуіне және жобалық сметалық құжаттамалары дайын 4 қабатты тұрғын үй салуға қаржы қаралмауына байланысты орындалмаған.

**Өнеркәсіп**

2022 жылдың 12 айының қорытындысымен өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі (НКИ) – 81,1 %-ға, өнім көлемін – 16 025,9 млн. теңгеге орындалған.

*Себебі: мақта талшықтарын өңдеу өндірісінің кемуінен.*

Мақтаарал ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2023 жылы іске асыруға көзделген 15 нысаналы 11 (73,3%) нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілген. 2023 жылдың қорытындысымен нысаналы индикаторға қол жеткізу жоспарлануда.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Жалпы барлығы **467 330,9 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, -аудиторлық іс-шара барысында 438 908,1 мың теңге, оның ішінде: *(оның ішінде 436 787,4 мың теңге қалпына келтірілген болса, 2 120,7 мың теңгесі өтелді)*.

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 28 422,8 мың теңге өтелді.

**Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша 9 материал әкімшілік құқық бұзылушылық туралы істерді қарау үшін жолданды.**

